

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 34 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 31 қаңтарда № 9113 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 300 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 28.05.2015 № 300 (бастапқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабы 2) тармақшасын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлік объектілері жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу органы куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес «Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі жөнінде анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру» мемлекеттік

көрсетілетін қызмет регламенті;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес «Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 29 қарашадағы «Электрондық мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 389 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 8133 тіркелді) 1-тармағының 1), 2), 4) тармақшалары;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 29 қарашадағы «Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 27 маусымдағы «Мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту және «Мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 235 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 391 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 8135 тіркелді) .

3. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы Б.Ш. Әбішевке жүктелсін.

4. Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен аталған бұйрықты мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 30 қаңтардағы
№ 34 бұйрығына
1-қосымша

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – орталық) арқылы және «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді, қызмет алушылардың қалауы бойынша мемлекеттік қызмет нотариустар Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – БНАЖ) өзара іс-қимыл жасау арқылы құқықтық кадастр ақпараттық жүйесіне құқық белгілеуші құжаттың электрондық көшірмесін жолдау арқылы мәмілені куәландырғаннан (бұдан әрі – электрондық тіркеу) кейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1586 қаулысымен бекітілген «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

3. Жүргізілген тіркеу туралы белгісі бар құқық белгілеуші құжат не Заңда көзделген негіздер бойынша мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы дәлелді жауап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (қағаз жеткізгіште) беру мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

БНАЖ-ға электрондық тіркеуге жүгінген жағдайда қызмет берушінің (құқық иеленушінің) уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар нысанында тіркеу туралы хабарлама не тіркеуді тоқтату немесе бас тарту туралы дәлелді жауабы бар хабарлама порталдағы жеке кабинетке және ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында қызмет алушының электрондық мекенжайына (бар болған жағдайда) жолданады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап берілген

жағдайда, тіркеу үшін алымның төленгені туралы құжатты көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тіркеуге қайталап берген кезде ұсына алады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

4. Көрсетілетін қызметті алушының мыналарға жүгінуі көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімдерін (іс-қимылдарын) бастауына негіздеме болып мыналар табылады:

1) қағаз жеткізгіште Орталыққа - стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттар пакетін қоса тіркей отырып, мемлекеттік қызмет стандартының 2 және 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша белгіленген мемлекеттік тіркеу туралы ж а з б а ш а ө т і н і ш і ;

2) БНАЖ арқылы нотариуска – құқық белгілеуші құжатты және мемлекеттік тіркеуге салық алымын төлегенін растайтын құжатты тіркей отырып, бекітілген э л е к т р о н д ы қ с ұ р а у с а л у ы .

5. Қызмет берушінің қызметкері өзінің функционалдық міндеттеріне сәйкес, құжаттарды есепке алу кітабы бойынша Орталықтан құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, әрі қарай жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар пакетін қызмет берушінің жауапты орындаушысына мұрағатқа табыстайды, жауапты орындаушы 3 жұмыс күні ішінде тіркеу істерді іздестіруді және жылжымайтын мүлікке құқықтарын тіркеу бөліміне табыстауын, орындалған құжаттарды құжаттарды есепке алу кітабы бойынша Орталыққа табыстауын жүзеге асырады; қызмет берушінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөлімінің қызметкері – өтінішті қарау және орындауын жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізімі:

1) орталықтың инспекторы – құжаттарды қабылдау және табыстау;
2) орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы – көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алу және жолдау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері – құжаттарды есепке алу кітабы бойынша Орталықтан құжаттарды қабылдау, тіркеу істерін іздестіру және жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөліміне табыстау, орындалған

құжаттарды құжаттарды есепке алу кітабы бойынша Орталыққа жіберу;

4) көрсетілетін қызмет берушінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөлімінің қызметкері – өтінішті қарау және орындау.

7. Құрылымдық бөлімшелердің (әрбір рәсімдердің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, қызметкерлердің) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) кезектілігінің сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасында (Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын тараптардың іс-қимылдарының сипаттамасы) және 2-қосымшасында (Функционалдық іс-қимылдар сызбанұсқасы) келтірілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығы және (немесе) басқа көрсетілетін қызмет берушілермен өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

8. Орталықта құжаттарды қабылдау операциялық залда «тосқауылсыз қызмет көрсету» арқылы жүзеге асырылады, онда орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген (бар болғанда) және лауазымы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының күтуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ у а қ ы т ы – 15 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Орталықта құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті алушыға стандарттың 10-тармағына сәйкес тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат б е р і л е д і .

9. Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді орталықтың қызметкері «терезе» арқылы күн сайын мерзімі көрсетілген қолхат негізінде ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды алу үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды.

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ у а қ ы т ы – 15 м и н у т т а н а с п а й д ы .

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының БНАЖ арқылы нотариустың қатысуымен мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі өтініш беру тәртібі мен рәсімдер (іс-қимылдар) кезектілігі тәртібінің сипаттамасы 3-қосымшада (Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бизнес-процестердің өзара іс-қимылдарының көрнекі диаграммасы) көрсетілген:

1) жылжымайтын мүлік объектісін иеліктен шығару туралы келісім-шартты

нотариус куәландырған соң және осы тіркеу іс-қимылды БНАЖ-да тіркегеннен кейін нотариус жаңа құқық иесінен – нотариалдық іс-қимылға қатысушыдан электрондық тіркеуді жүргізуді қалайтыны туралы сұрайды;

2) сұратылған тұлғаның келісімі бойынша нотариус құқықты тіркеуге өтінімді ашу үшін БНАЖ-да жылжымайтын мүлік объектісін табады және т а н д а й д ы ;

3) құқықтық тіркеуге өтінімді толтырған кезінде нотариус өтінімнің бірегей кодына назар аударады; көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН) және азаматтық жағдайын белгілейді; электрондық поштаға хабарламаны алуға қалауы болған немесе қалаған жағдайда – көрсетілетін қызметті алушының электрондық пошта мекенжайын, осы нотариустың БНАЖ тіркелімінде тіркелген жылжымайтын мүлік объектісін иеліктен шығару туралы келісім-шарт нөмірін, осы нотариустың БНАЖ тіркелімінде жылжымайтын мүлік объектісін иеліктен шығару туралы келісім-шартты тіркеген күнін, құқық белгілеуші құжаттың тұрпатын; құқық белгілеуші құжатты қоса тіркейді; көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік бажды төлеуден босатылған тұлғалар санатына жататын жағдайда – тұлғаның қандай жеңілдікті санатқа жататының көрсетеді;

4) нотариус толтырылған өтінімге ЭЦҚ қол қояды;

5) нотариус құқықты тіркеуге өтінімді сәтті жолдағаны туралы хабарламаны басып шығарады және көрсетілетін қызметті алушыға табыстайды;

6) көрсетілетін қызметті алушы электрондық үкімет порталында авторизацияланады және сәтті жолдау туралы хабарламада көрсетілген нұсқауларды қолданып, құқықты тіркеуге өтінімнің бірегей кодын енгізеді;

7) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік баждың қажетті сомасын төлейді және қалыптасқан электрондық чекті алады;

8) көрсетілетін қызметті алушы БНАЖ-дан құқықты тіркеуге өтінімді және мемлекеттік бажды төлеу туралы растауды алады және жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу туралы немесе тоқтата тұру не бас тарту себептерін көрсете отырып, жылжымайтын мүлік объектісіне құқықты тіркеуді жүргізуді тоқтата тұру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды;

9) құқықты сәтті тіркеу туралы хабарлама БНАЖ-ға және көрсетілетін қызметті алушының құқықты тіркеуге өтінімге электрондық пошталық мекенжайы көрсетілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының жеке п о ш т а с ы н а ж о л д а н а д ы .

11. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимылдары кезектілігінің егжей-тегжейлі сипаттамасы, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзге

көрсетілетін қызмет берушілермен және (немесе) халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл тәртібінің және ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілсін.

Ескерту. Регламент 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 19.06.2014 № 213 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет
р е г л а м е н т і н е
 1-қосымша

1-кесте. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын тараптардың іс-қимылдарының сипаттамасы

Негізгі процестің (жұмыстар ағынының, барысының) іс-қимылдары							
1	Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5	6
2	Қатысушы тараптың атауы	Орталық инспекторы	Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы	Әділет органның қызметкері (тіркеуші)	БНАЖ	ЖМТ МДҚ АЖ	ЭҰП және ЭҰПШ электронды үкіметтің құраушылар
3	Әрекеттің (үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды тексеру және қабылдау, құжаттарды есепке алу кітабына жазбаларды енгізу және алушыға қолхат табыстау	Құжаттарды қабылдау және оларды тіркеушіге әділет органына жолдау; қызмет берушіден орындалған құжаттарды қабылдау	Құжаттарды есепке алу кітабы бойынша құжаттарды қабылдау; Ж М Т МДҚ-нан тіркеуге құжаттарды қабылдау	Мүлікті меншіктен шығару мәмілесін куәландыру; тіркеуге өтінімді толтыру және жолдау; ЖМТ МДҚ АЖ-не құқық белгілеуші құжаттын электрондық нұсқасын жолдау; қызмет көрсетудің нәтижесін алу	Тіркеуге түскен өтінімдер туралы орталықтан және БНАЖ-дан мәліметтерді алу; өтінімнің мәртебесінің өзгеруі туралы мәліметтерді жолдау	Өтінім берушінің жеке кабинетінде қызметті алғаны туралы деректі белгілеу; төлемді алу қызметті ал туралы ақпаратты көрсету
				Тіркеу істі іздестіру			

4	Орындалудың нысаны (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-жарлық шешімі)	Орталықтың жинақтау бөліміне табыстау	Орындалған құжаттарды орталықтың табыстау бөлімінің инспекторына табыстау	және орындау үшін табыстау; тіркеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; ЖМТ МДҚ АЖ-не тиісті өзгертулерді енгізу	Өтінімді сәтті жолдау туралы хабарлама	Тіркеу бойынша жұмыстарды аяқтау туралы хабарлама	Электронды чек; өтініш берушінің жеке кабинетінде қызметтерді алу тарихындағы қызмет
5	Орындау мерзімдері	15 минут	Күніне 2 рет	Бір тіркеу істі іздестіру және табыстауға 30 минут; құжаттарды орындауға қабылдаудан кейін тіркеуге 1 тәулік	Өтінімді толытурға және жолдау, а 30-40 минут	3 минут	3 минут
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3, 7	2, 5	6	3	5
7	Пайдалану нұсқасы	Негізгі үдеріс	Негізгі үдеріс	Негізгі үдеріс, баламалы үдеріс	Баламалы үдеріс	Негізгі үдеріс, баламалы үдеріс	Баламалы үдеріс

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

Негізгі процес (жұмыс ағыны, барысы)			
Орталық	Қызмет беруші	Қызмет беруші (мұрағат)	Қызмет беруші (тіркеу б
1. Құжаттарды тексеру	4. Құжаттарды есепке алу кітабы бойынша құжаттарды қабылдау	5. Тіркеу істі орындау үшін іздестіру және табыстау	6. Өтінішті қарау және т
2. Құжаттарды есепке алу кітабына қабылдау туралы жазбаны енгізу	7. Құжаттарды есепке алу кітабы бойынша орындалған құжаттарды Орталыққа табыстау		
3. Қолхат беру			
8. Құжаттарды есепке алу кітабы және қолхат бойынша орындалған құжаттарды өтініш берушіге табыстау			

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процес

Баламалы процес (жұмыс ағыны, барысы) немесе кеңейтулер			
БНАЖ	ЭҮП және ЭҮПШ электрондық үкіметтің құраушылары	ЖМТ МДҚ АЖ	Әділет органының қызм (тіркеуші)
1) Нотариус жылжымайтын мүлікті меншіктен шығару туралы келісім-шартты куәландырады	3). Өтініш беруші ЭҮП-да тіркеу қызметін алуына өтінімді табады	5). Өтінім және мемлекеттік бажды төлеу қабылданады	6). Тіркеуші өтінімді тір қабылдайды және қаж іс-шаралар іске асырыла
2) Нотариус өтініш берушінің келісімінен жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуге өтінімді толтырады және ЖМТ МДҚ АЖ-не жолдайды	4). ЭҮПШ тіркеу үшін мемлекеттік бажды қабылдайды	8) БНАЖ-ға мемлекеттік қызметтің нәтижесі туралы ақпарат жолданады	7) тіркеуші тиіс мәліметтерді ЖМТ М АЖ-не енгізеді
9). Қызметті көрсету нәтижесі нотариустың жеке кабинетінде БНАЖ-да көрсетіледі			

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне


2-қосымша

Орталық	Көрсетілетін қызмет беруші	Көрсетілетін қызмет беруші (мұрағат)	Көрсетілетін қызмет беру тіркеу бөлімі)
<div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-1. Құжаттарды тексеру</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">Құжаттардың толық пакеті</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-2. Құжаттарды есепке алу кітабына жазба енгізу, қабылдау</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-3. Қолхат беру</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-8. Қолхат бойынша орындалған құжаттарды табыстау</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">А-8. Бас тарту себептерін көрсетуімен хабарламаны табыстау</div>	<div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-4. Есепке алу кітабы бойынша құжаттарды қабылдау</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-7. Есепке алу кітабы бойынша құжаттарды күніне 2 рет табыстау</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">А-7. Бас тарту себептерін көрсетуімен Орталыққа хабарламаны табыстау</div>	<div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-5. Тіркеу істі іздестіру және орындаушыға табыстау</div>	<div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">О-6. Өтінішті қарау және тіркеу</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 2px;">А-6. Өтінішті қарау және бас тарту себептерін көрсетуімен хабарламаны дайындау</div>

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде бизнес-процестердің іс-қимылының көрнекті диаграммалары

Қызмет көрсету орталықтарымен құжаттарды қабылдау және жолдау арқылы мемлекеттік қызметті көрсету:



БНАЖ арқылы құжаттарды қабылдау және табыстау арқылы мемлекеттік қызметті көрсету:




«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу»

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу»


Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің Анықтамасы

Ескерту. Регламент 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 19.06.2014 № 213 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы қызмет көрсету барысында*



*** БНАЖ ақпараттық жүйесі арқылы электронды формата қызмет көрсету барысында*



*ҚФБ – Құрылымдық-функционалдық бірлік: қызмет берушінің (жұмыскерлердің) құрылымдық бөлімшелерінің, халыққа қызмет көрсету орталығының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекеттестігі;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- қызмет алушының процедурасының (әрекетінің) аталуы және (немесе) ҚФБ;



- таңдау нұсқасы;



- келесі процедураға (әрекетке) өту;

- ЖМТ МДҚ АЖ – «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» Мемлекеттік деректер қорының ақпараттық жүйесі;

- ХҚКО БАЖ – Халыққа қызмет көрсету орталықтарының біріктірілген ақпараттық жүйесі;

- ЭҮП - «Электрондық үкімет» веб-порталы;

- БНАЖ - Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесі.

Қ а з а қ с т а н

Ә д і л е т

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3 0

№

3 4

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Р е с п у б л и к а с ы

м и н и с т р і н і ң

қ а ң т а р д а ғ ы

«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының «Жылжымайтын мүлік орталықтары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары және олардың филиалдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – орталық) арқылы қызмет алушының тіркелген жері бойынша;

2) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы: екінші деңгейдегі банкпен кепіл туралы мәліметтерді қамтитын кепіл туралы шартты немесе өзге шартты жеке немесе заңды тұлғалармен жасасқан жағдайда (бұдан әрі – электрондық тіркеу) «Екінші деңгейдегі банктердің» ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – ЕДБ АЖ) өзара іс-қимыл арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1586 қаулысымен бекітілген «Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – орталық арқылы қағаз жеткізгіште:

1) кепіл шарты немесе міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлікті тіркеу туралы белгісі бар кепіл талаптарын және тіркеу туралы куәлікті қамтитын өзге де шарт немесе көрсетілетін қызметті берушінің

электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған тіркеуден дәлелді бас тарту;

2) берілетін куәліктерге қатысты жоғалғанның орнына жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы немесе ЭЦҚ-мен куәландырылған бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап.

ЕДБ АЖ және портал арқылы электрондық нысанда:

1) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;
2) көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттамасы

4. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін (іс-қимылдарды) бастауға негіздеме болып табылады, егер көрсетілетін қызметті алушы мыналарға жүгінген кезде:

1) қағаз жүзінде орталыққа - стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар пакетін қоса отырып, мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысанда белгіленген мемлекеттік тіркеу туралы жазба өтініші;

2) ЕДБ АЖ арқылы порталға – кепіл ұстаушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініші (сұрау салу);

5. Қызмет берушінің қызметкері өз лауазымдық міндеттеріне байланысты Орталықтан құжаттарды есепке алу кітабы арқылы құжаттарды қабылдайды, бір сағат ішінде қызмет берушінің жауапты орындаушығы қабылдаған құжаттарды тапсырады, қызметкер бір жұмыс күн ішінде Орталықтан келген өтініштерді қарастыруын қамтамасыз етеді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін немесе дәлелді бас тартуды дайындайды, қарай орындалған құжаттарды орталыққа құжаттарды есепке алу кітабы бойынша тапсырады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімінің (іс-әрекеттің) көрсету нәтижесі, келесі рәсімнің басталу негізі: Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкес берілген құжаттардың сәйкестігі және жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді немесе жылжымалы мүлік кепілін тіркеу куәліктің телнұсқасын беруді жүзеге асырғаны үшін төлем төлеу.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) орталықтың инспекторы – құжаттарды қабылдау және беру;

2) орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы – қызмет берушіден құжаттарды жіберу және алу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері – құжаттарды орталықтан құжаттарды есепке алу кітабы бойынша қабылдау, орындалған құжаттарды орталыққа құжаттарды есепке алу кітабы бойынша беру;

4) көрсетілетін қызметті берушінің міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу немесе міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру жөніндегі қызметкері – өтінішті қарау және орындау;

5) Е Д Б операторы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің тіркеушісі;

Ақпараттық өзара іс-әрекеттердің қатысушылары – жүйелері:

1) Е Д Б А Ж ;

2) «Жылжымалы мүлік тізілімі» АЖ (бұдан әрі – ЖМТ АЖ);

3) ықпалдастырылған салық ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЫСАЖ);

4) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Е Х Ә Қ М А Ж) ;

5) электрондық үкіметтің төлеу шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ);

6) электрондық үкімет шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ);

7) портал .

8. Құрылымдық бөлімшелердің (әрбір рәсімдердің (іс-қимылдардың) ұзақтығын көрсете отырып, қызметкерлерінің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың кезектілігінің сипаттамасы) 1-қосымшада (құрылымдық-функционалдық бірліктер іс-әрекеттінің сипаттамасы) және 2-қосымшасында (Функционалдық өзара іс-қимыл сызбанұсқасы) көрсетілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығы және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзара іс-қимыл тәртібінің, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

9. Орталықта құжаттарды қабылдау операциялық залда «тосқауылсыз қызмет көрсету» арқылы жүзеге асырылады, онда орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген (бар болғанда) және лауазымы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілгін ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті беруші стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Құжаттарды қабылдау кезінде орталықта көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға стандарттың 10-тармағына сәйкес тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

10. Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді орталықтың қызметкері «терезе» арқылы күн сайын мерзімі көрсетілген қолхат негізінде жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды алу үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды.

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының ЕДБ АЖ-мен өзара іс-қимылы арқылы «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі өтініш беру тәртібі мен рәсімдер (іс-қимылдар) кезектілігі тәртібінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-қосымшасында көзделген қажетті құжаттарды ЕДБ-ке тапсырады;

2) өтінішке қол қояды, Салық комитетінің ақпараттық жүйесінен және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ақпараттық жүйесінен ақпаратқа сұрау салуға келісім береді;

3) ЕДБ қызметкері көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтінішін ресімдейді;

4) көрсетілетін қызметті алушының электрондық өтінішіне электрондық шарт және төлегені туралы сканерленген құжат қоса беріледі;

5) электрондық өтінішке ЕДБ-тің және көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылады;

6) электрондық өтініш ЖМКТ АЖ-не түседі;

7) қызмет берушінің қызметкерлері өтінішті қарастырып, кепілді тіркеу туралы шешім шығарады;

8) қызмет көрсету нәтижесі порталдың жеке кабинетінде және ЕДБ АЖ-де қол жетімді.

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатыстырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы кестелік нысанда осы регламенттің (ЕДБ арқылы «Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу» бизнес-процес диаграммасы) 3-қосымшасында көрсетілген.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі рәсімдерінің (іс-қимылдарының), өзара іс-қимылдары кезектілігінің егжей-тегжейлі

сипаттамасы, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі өзге көрсетілетін қызмет берушілермен және (немесе) халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл тәртібінің және ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібінің сипаттамасы осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында келтірілсін.

Ескерту. Регламент 13-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 19.06.2014 № 213 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

1-кесте. Функционалды - құрылымдық бірлік іс-әрекетінің сипаттамасы

Негізгі іс-жүргізу іс-әрекеті (жүріс, жұмыстың ағымы)			
1	Іс-әрекет № (жүріс, жұмыстың ағымы)	1	2
2	Функционалды - құрылымдық бірлік атауы (бұдан әрі - ФҚБ)	Орталық инспекторы	Қызмет беруші
3	Іс-әрекет атауы (жүріс, рәсім, операция) және олардың сипаттамасы	Өтініштерді қабылдау, құжаттардың толықтығын тексеру, қабылдау	Орталықтан құжаттарды алу кезінде құжаттар, толықтығын тексеру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық басқару шешімі)	Есеп кітапшасына тіркеу және қолхат беру	Келіп түскен өтініштерді қосымша құжаттармен ті бөліміне жібереді
5	Орындалу мерзімі	15 минут	Бір өтінішті өңдеу 15 м Құжаттарды табыстау күніне 2 рет
6	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3

кестенің жалғасы

3	4	5
Қызмет беруші	Қызмет беруші	Орталық инспекторы
Өңдеу, талдау, құжаттарды тіркеу	Орталыққа жіберу үшін құжаттарды жинау	Есеп кітапшасына қызымет алушының коюы

Тіркеуші органның қабылдау – табыстау бөліміне орындалған құжаттарды және ЖМКТК көшірме нұсқасын табыстау	Орталықтың есепке алу кітапшасы бойынша ЖМКТК тіркелген құжаттарын және көшірме нұсқасын табыстау	Қол хат бойынша құжаттарды табыстау
Өтінішті орындауға және өңдеуге 1 күн Бір өтінішті орындауға және өңдеуге 6 күн Құжаттарды табыстау күніне 2 рет	5 минут	2 минут
4	5	

2-кесте. Қолдану нұсқалары. Негізгі іс-жүргізу

Негізгі іс-жүргізу (жүріс, жұмыстың ағымы)	
Орталық инспекторы	Қызмет беруші
1. Өтінішті қабылдау, құжаттардың толықтығын тексеру, қабылдау	2. Құжаттардың толықтығын тексеру
	3. Өңдеу және орындау
5. Қолхат бойынша құжаттарды табыстау	4. Құжаттарды орталық инспекторына жібереді

3-кесте. Қолдану нұсқалары. Баламалы іс-жүргізу

Негізгі іс-жүргізу (жүріс, жұмыстың ағымы)	
1. Өтінішті қабылдау, құжаттардың толықтығын тексеру, қабылдау	2. Құжаттардың толықтығын тексеру
	3. Өңдеу және дәлелді кері қайтару
5. Дәлелді кері қайтару табыстау	4. Құжаттарды орталық инспекторына жібереді

«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

Бірлескен іс-әрекетің функционалды сызбанұсқасы


Орталық	Қызмет беруші
О-1. Құжаттарды тексеру	О-4. Құжаттарды есептеу кітабі арқылы қабылдау
Толық құжаттар пакеті	О-6. Өтінішті және тіркеуді қарастыру
О-2. Қабылдау, құжаттар есепке алу кітабына	О-7. Орталықтың есепке алу кітапшасы бойынша СРЗДИ тіркелген құжаттарын және

қабылдау туралы жазбаны енгізу
О-3. Қолхаттың берілуі
О-8. Тізілім бойынша орындалған құжаттарды табыстау
А-8. Кері қайтарудың себебі көрсетілген хабарламаны табыстау


көшірме нұсқасын табыстау
А-7. Кері қайтарудың себебі көрсетілген хабарламаны Орталыққа табыстау
А-6. Өтінішті қарастыру және кері қайтарудың себебі көрсетілген хабарламаның дайындалуы

«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша


1-Сурет. ЕДБ арқылы «Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу» бизнес – іс-жүргізудің диаграммасы




2-Сурет. ЕДБ арқылы Өтініш беруші туралы ақпарат жинау тізбегінің диаграммасы



3-Сурет. Тізілімнен жылжымалы мүлік кепілінің ауырпалық туралы көшірмені беру және мемлекеттік қызмет көрсетуге төлемдерді жинау тізбегінің диаграммасы



4-Сурет. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге өтініштерді жіберу тізбегінің диаграммасы




«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру»
Мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
4-қосымша

«Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын беру»


Мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің Анықтамасы

Ескерту. Регламент 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 19.06.2014 № 213 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

* Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы қызмет көрсету барысында



**** ЖМКТ ақпараттық жүйесі арқылы электронды форматта қызмет көрсету барысында**



*ҚФБ – Құрылымдық-функционалдық бірлік: қызмет берушінің (жұмыскерлердің) құрылымдық бөлімшелерінің, халыққа қызмет көрсету орталығының, «электрондық үкімет» веб-порталының өзара әрекеттестігі;



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;



- қызмет алушының процедурасының (әрекетінің) аталуы және (немесе) ҚФБ;



- таңдау нұсқасы;



- келесі процедураға (әрекетке) өту;

- ХҚКО БАЖ – Халыққа қызмет көрсету орталығы бірегей ақпараттық жүйесі;

- ЭҮП - «Электрондық үкімет» веб-порталы;

- ЖМКТ АЖ – Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу ақпараттық жүйесі;

- ЖМКТ – Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;

- ЖМО– Жылжымайтын мүлік орталығы;
- ЕДБ АЖ- Екінші деңгейлі банктердің ақпараттық жүйесі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3 0

қ а ң т а р д а ғ ы

№

3 4

б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

«Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – қызметі беруші) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – орталық) арқылы және «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – ЭҮП) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1586 қаулысымен бекітілген «Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған).

3. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болып табылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы сұрау салу көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімдеріне (іс-қимылдарына) бастауға негіздеме
б о л ы п т а б ы л а д ы .

5. Көрсетілетін қызметті алушы жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы алу туралы сұрау салуды орталыққа береді.

1) орталықтың қызметкері мемлекеттік ақпараттық жүйесінде мәліметтердің бар болған жағдайында 20 (жиырма) минуттың ішінде ЭҮП арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін береді;

2) орталықтың қызметкері мемлекеттік ақпараттық жүйесінде деректердің болмаған жағдайында көрсетілетін қызметті берушіге сұрау салуды жолдайды.

Содан кейін, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өзінің функционалдық міндеттеріне сәйкес құжаттарды есепке алу кітабы бойынша орталықтан құжаттарды қабылдауын жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күн ішінде орталықтан ұсынылған сұрау салуды қарау, анықтаманы дайындау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін орталыққа жолдауды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші орындалған құжаттарды орталыққа табыстауды құжаттарды есепке алу кітабы бойынша жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету барысында құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызметті көрсету барысына қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізімі:

1) Орталықтың инспекторы – құжаттарды қабылдау және табыстау;

2) Орталықтың жинақтау бөлімінің инспекторы – көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алу және жолдау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері – құжаттарды есепке алу кітабы бойынша Орталықтан құжаттарды қабылдау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөліміне сұрау салуды табыстау, орындалған құжаттарды құжаттарды есепке алу кітабы бойынша Орталыққа табыстау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөлімінің қызметкері – өтінішті қарау және анықтаманы жасау.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қатыстырылған ақпараттық жүйелер:

1) ЭҮП;

2) электрондық үкімет шлюзы (бұдан әрі – ЭҮШ);

3) «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖМТ МДҚ АЖ);

- 4) орталық ақпараттық жүйесінің автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – Х Қ К О А Ж А Ж О) ;
- 5) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – ЖТ МДҚ);
- 6) «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі – ЗТ МДҚ);
- 7) Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – БНАЖ).

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) кезектілік сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында (Құрылымдық-функционалдық бірліктердің іс-қимылдарының сипаттамасы) көрсетілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталығымен және (немесе) басқа қызмет берушілермен іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету процесіндегі ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

8. Орталықта құжаттарды қабылдауы «кедергісіз қызмет көрсету» арқылы операция залында жүзеге асырылады, онда орталық қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы көрсетіледі.

Қызмет алушымен құжаттарды тапсыруға рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 м и н н у т а н а с п а й д ы .

Қызмет алушыға қызмет көрсетуге рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 15 м и н у т т а н а с п а й д ы .

Мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Орталықта құжаттарды қабылдау кезінде мемлекеттік қызметті алушыға стандарттың 10-тармағына сәйкес тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат б е р і л е д і .

9. ЭҮП арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде көрсетілетін қызметті берушінің және көрсетілетін қызметті алушының рәсімдерінің (іс-қимылдарының) өтініш беру және кезектілік тәртібінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушы ЭҮП өзінің тіркеу куәлігінің көмегімен электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеуді жүзеге асырады, ол қызмет алушының компьютерінің ғаламтор-браузерінде сақталады (ЭҮП тіркеуден өтпеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

2) 1-процес – көрсетілетін қызметті алушының компьютерінің ғаламтор-браузеріне ЭЦҚ тіркеу куәлігін бекіту, мемлекеттік қызмет алу үшін ЭҮП көрсетілетін қызметті алушының паролін енгізу үдерісі (авторизациялау ү д е р і с і) ;

3) 1-ші шарт – ЭҮП жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – БСН) логині және пароль арқылы көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің дұрыстығын тексеру;

4) 2-процес - көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты авторизациядан бас тарту туралы хабарламаны ЭҮП-да қ а л ы п т а с т ы р у ;

